




HEREFORD
QAZAQSTAN
2022

HEREFORD

QAZAQSTAN



МАЗМҰНЫ

2

ЭСТОНИЯ ЕЛІНЕ ІССАПАР

6

«LEPSI 2022» КӨРМЕСІНЕ ШОЛУ

9

«ADAL ONIM» ФШ ТС

10

«KAZAGRO/KAZFARM 2021» КӨРМЕСІ ЖАЙЛЫ ЖӘНЕ «BREDEXPO» ҚАУМДАСТЫҒЫНАН КЕЛГЕН ҚОНАҚТАРЫМЫЗ

14

БІШКЕКТЕГІ ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ФОРУМ (ЕЭФ)

16

«GENESIS.KZ» ЖШС

18

ПАЙДА ЖАҒЫНАН ЕТ ӨНДІРУ БАҒЫТЫНДАҒЫ АСЫЛ ТҰҚЫМДЫ МАЛДЫ ҚАЛАЙ ТАҢДАУ КЕРЕК

20

ГЕРЕФОРД ТҰҚЫМЫНЫҢ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПАЛАТАСЫ МҮШЕЛЕРІНІҢ ОРНАЛАСҚАН ЖЕРЛЕРІ

22

«ЖУНУСОВ Д.Е.» ШҚ

23

«БЕЛАГРО-2021» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН КӨРМЕСІ

26

2022 ЖЫЛЫ 3 НАУРЫЗДА ӨТКЕН ГЕРЕФОРД МҮШЕЛЕРІНІҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП БЕРУ ЖИНАЛЫСЫНАН ФОТОРЕПОРТАЖ

28

САПАЛЫ ГЕНЕТИКА — ТӨРТ ТҮЛІКТІ ТАБЫСТЫ ТӨЛДЕТУ КӨЗІ

30

ӨЛШЕМІ БАРДЫҢ ЕСЕБІ БАР

35

«ABD GENETICS» ABS GLOBAL

35

AL KARAL

37

«НАРЫН» ШҚ

38

МАРКЕТИНГТІК ТАУАРЛАР

ҚҰРМЕТТІ ӘРІПТЕСТЕР!

Сіздерді журналымыздың келесі беттерінен қарсы аламын!



Өткен 2021 жыл Палата үшін іс-шараларға толы жыл болды. Соның ішінде «KazAgro/KazFarm 2021» халықаралық көрмесіне қатысуымыз және Эстония, Беларусь, Қырғызстан елдеріне іссапарымыз болды.

Герефорд тұқымының Республикалық Палатасына 2022 жылы 10 жыл толды. Осы жылдың наурыз айында кезекті Палатаның жылдық есеп беру жиналысы өтті. Атап өтсек, белгілі себептермен жылдық жиналыстар 3 жылдай өткізілмеген болатын. Жыл сайынғы жиналысты өткізуге қолайлы жағдайлар пайда болған кезде, Палата жиналысты ұйымдастыруға бет бұрды. Палата жылдық жиналысында өткен жылдардың есебін қорытындылады.

Осы жылдың өте маңызды оқиғасының бірі — Палатамызда 100 мыңыншы Герефорд тіркелінді.

Сонымен қатар Палатамыз Қырғызстан елінде өткен «Экономикалық Форумға» қатыса отырып, Қырғызстанның Ауыл шаруашылығы Министрімен кездесіп, алдағы уақытта өзара ынтымақтастықтың бірқатар мәселелері талқыланды.

Ал, жаз айында Палатамыз Алматы өңірінде өткен «Lepsi 2022» көрмесіне қатысып, осы көрмеде белсенді Палата мүшелері малдарын көрмеге қатыстырды. Сондай-ақ осы жылы бірінші рет «Малшылыр күні» кәсіби мерекесіне орай шаруашылықтардың қызметкерлері марапатталынды.

2022 жылдың көрсеткіші бойынша 139 шаруа қожалықтары Палатаның мүшесі болып тіркелінді, оның ішінде биылғы жылы 18 жаңа мүше кірді.

Осыған орай палатамен бірлескен жұмысқа белсене атсалысып жүрген шаруа қожалықтарының басшылары мен жұмысшыларына, сондай-ақ уақытылы ақпарат беріп отырғандары



үшін Палата ұжымы атынан және жеке өз атымнан үлкен алғысымды білдіремін.

Біз сізден келетін мал шаруашылығына қатысты барлық түйткілді мәселелерді Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің басшылығына жедел көтеріп, сонымен бірге шаруаларымыздың мүддесін барынша қорғауға тырысамыз.

Баршаңызды келе жатқан кәсіби мерекемен «Ауыл шаруашылығы қызметкерлері күнімен» құттықтауға рұқсат етіңіздер!

Сізге сәттілік, күш-қуат және өркендеу тілеймін!

Құрметпен,

Атайбеков Б.Б.


Герефорд тұқымының
Республикалық палатасы
кеңесінің төрағасы

ЭСТОНИЯ ЕЛІНЕ ІССАПАР

Герефорд тұқымының Республикалық палатасы 2021 жылы BREEDEXPO бағдарламасы бойынша Эстония, Финляндия, Латвия мемлекеттерінен делегациясын Алматы қаласында қарсы алып, Алматы облысында біраз шаруашылықтарға апарып көрсетті. Еліміздің елордасында KazAgro/KazFarm 2021 көрмесінде осы делегациясымен бірегейлі қатыстық.



Автор Герефорд тұқымының Республикалық Палатасының директоры **Отелбаев Бақытжанұлы**.



Ал, бір айдан соң Герефорд Палатасына Эстония мал өсірушілер қаумдасынан Эстонияға іссапар бойынша шақырылуы жіберілді. Делегация құрамында Герефорд палатасының мүшелері және шақырулы қонақтар болды.

6 желтоқсанда Эстонияның астанасы Таллин бізді қыс мезгілімен қарсы алды. Сол күні өте сирек аяз болды.

7 желтоқсанда Бірінші бастамамыз Эстония мал өсірушілер одағына барып, сонда бұқалардан ұрық алу орталығымен таныстық. Ең қызығы сол жерде 6 адам жұмыс істейді. Барлығы автоматандырылған. Ветеринария жоғары деңгейде. Біз барған әрбір шаруашылықта арнайы бір реттік киімдер берілді.



Айта кетсек, жануарлардың саулығы жөніндегі дүниежүзілік ұйым арасында (МЭБ) Эстония мемлекеті барлық аурулардан таза мемлекет болып есептеледі. Сол себепті өте қатаң ветеринария саласына мән беріледі. 4 шаруашылықты көріп таныстық. Соның ішінде ең үздік Эстония мемлекетінде сүт өндіру фермасы болды. Эстония мал өсірушілер қаумдасының басты офисына барып, сол жерде барлық шет елге сатылатын малдар карантинге қойылады. Қан алу, және де басқа жұмыстар осы одақта өткізіледі. Офистің ішінде өзінің конференц залы, мамандар жұмыс істейтін бөлмелер және де малшыларға арналған бөлімдер барлығы ұйымдастырылған. Осы одақта жұмыс жасайтын Jane Mättik үй фермасына да бардық. Бүкіл отбасы осы фермада жұмыс жасайды, ал өзі одақта жұмыс атқарады.



8 желтоқсанда үш шаруашылықты және бір ет комбинатын көріп Пярну қаласына бару жоспар болды. Ең бірінші шаруашылығымыз Arne Tamm Westfarm Герефорд және Симментал тұқымды ұстайды, жол бойында көргеніміз барлық жерлер электр сым жүйесімен қоршалған және арнайы ағаштан столбылары қағылған. Көптеген шаруашылықта бүкіл отбасы жұмыс атқарады. Ет комбинатында сойылған малды арнайы машинамен алып келеді. Осы жерде буып түю және еттің жетілу бөлмелерінде ет тұрады. Қызығы, осы ет комбинатында жабайы аңдардың етін буып түйеді, содан кейін дүкендерге сатуға жібереді. Аңшылар аулаған аңдарын осында өткізеді, оларға ақшасын төлеп сатып алады. Эстония мемлекетінде аң ату лицензиясын алған соң осындай ет комбинаттарға өткізу талаптардың бірі. Тағы бір Tori Möis — ең үздік 2021 жылғы фермер атанған. Лимузин және Аквитанская блондинка тұқымдарын ұстайды.

9 желтоқсанда ең көне ат ұстайтын шаруашылық және ең соңғы деңгейде сапалы салынған Герефорд ұстайтын ферманы көрдік. Ат фермасының тең жартысы мұражай болып қалды, қалған жартысында жұмыс жасауда. Мектеп оқушылардың бір сабағы осы фермада өтетінін айтты. Герефорд шаруашылығы салынған ғимаратымен таң қалдырды. Кезінде, осы шаруашылықтан біздің палата мүшесі **«Қызыр-Көкдомбақ»** ЖШС-не Герефорд ірі қара малды Павлодар облысына сатып алған болатын. Осы шаруашылық тек генетикалық салада жұмыс жасайды. Басқарушының айтуы бойынша 9 линиялық салада жұмыс атқарылып келе жатқаны және барлық сатылатын малдар анасы және әкесі жағынан ДНҚ арқылы расталады. Біздің палата мүшелері және **«Асыл Түлік»** АҚ бұқаларды өз шаруашылықтарына осы жерден тандалды. Тарту қаласында кешке қарай Латвия мемлекеттің делегациясымен арнайы ет ресторанында Lihuniku Äri кездесу






өтті. Ресторан иесі де фермерлер қатарынан. Өз малын осы ресторан арқылы сататынын айтты.

10 желтоқсанда ЭКО фермаға бардық. Европа одағында ЭКО стандартты қатаң түрде қарастырылады. Мысалы ретінде егер малға беретін шөпке химиялық тыңайтқыштар берсе эко стандартқа сай келмейді. Осы кезде біз ЭКО стандартын сұрадық, өйткені бізде осы нақты заңын және стандарттарын бекіту керек, кез келген жерде ЭКО деген ұғымды қолдануға болмайды.

Осы Эко ферманың иесі кезінде қала тұрғыны болған, қазір шаруашылықта жолдасы екеуі жұмыс жасайды. Қыс кезінде далада, қоршаған өрісте малды ұстайды, жердің осылай балл банитетін жоғарылатады.

Осымен біздің іс сапарымыз аяқталып елімізге оралдық. Барғанымыздан оң әрекет алып, біраз үйренетін заттар бар екенін көрдік. Әрине, біздің елге тек жақсы және қолайлы заттарды еңгізсек, ұтымы көп болады деп сенімдімін.





«AI TOTAL KAZAKHSTAN» ЖШС

Мекен-жайы: Алматы облысы, с. Бесағаш, Луч Востока көшесі 1,
Сату бойынша менеджер: Оспанов Бақыт Бейсенбайұлы
Байланыс телефоны: **+7-771-775 4492**



ГЕРЕФОРД

APPEL 1 SUPERSTAR 2

AI код: HE7137
Ұлттық ID: 372214462574175
Ұлтаралық ID: HERIRLM214625741759
Порода: HE (100%)
Туған күні: 01-дек-2019
Ұрықты тексеру күні: Март 2022
Ата тегінің мәртебесі: PVP

Сипаттамасы

- Жақсы пішімді, белді бұқа
- Төлдеу жеңілдігі
- Мүйізсіз
- Super Head тамаша пішінмен
- Ұл Fabb 1 Northern Star и MGS Solpoll 1 Lawman

Ата-тегі

Әкесі: FABB 1 NORTHERN STAR / HE4297
Шешесі: APPEL 1 PLUM PRINCESS /
372214625741569
OM: SOLPOLL 1 LAWMAN (P) {HYF} / HE2162

	INDEX	DATA RELIABILITY
MUSCLE	110	35%
SKELETAL	111	34%
FUNCTIONALITY	108	16%
DOCLITY	0.19	47%

«AI Total Kazakhstan» (Әй-ай Тотал Қазақстан)

Голландиялық AI Total компаниясының Қазақстан аумағында асыл тұқымды генетикалық өнімінің дистрибьюторы болып табылады. Бұқалар Канада, АҚШ, Ұлыбритания, Италия, Ирландия және Словакияның асыл тұқымды орталықтарында өсіріледі. «AI Total Kazakhstan» Голштин тұқымының, сондай-ақ Симментал, Джерсей, Бельгиялық көк, Ангус және Герефорд тұқымдарының кең ассортиментін ұсынуға дайын. Біздің мамандар тобы генетикалық шешімдер ұсынады, онда біз жануарлардың әрбір тобына

ең қолайлы бұқаны таңдаймыз және табынның генетикалық әлеуетін арттыру үшін сындарлы жоспар жасаймыз. Бұқа тұқымынан басқа, біздің фирма кез келген таңдау үшін жасанды ұрықтандыру жабдықтарын, құлақ сырғаларын, Дьюар ыдыстарын ұсынады. Біздің компания мен серіктестер аналық мал басы бірінші орында тұруы керек екеніне сенімдіміз, себебі жақсы, сау сиырда шаруашылықтың жетістігі жатыр. Жоғарыда айтылғандардың барлығын ескере отырып, біз жемісті ынтымақтастық үшін берік негіз жасаймыз деген сенімдеміз.



«LEPSI 2022» КӨРМЕСІНЕ ШОЛУ

2022 жылдың 16-19 маусымы аралығында Алматы облысы, Алакөл ауданы, Лепсі ауылында «Lepsi 2022» атауымен етті ірі қара мал шаруашылығы бойынша кең масштабты ауылшаруашылығы көрмесі өткен болатын. Аталған көрмені «ZherSu» корпорациясы, Ангус Қазақстан және Ет одағы бірлесіп ұйымдастырды. Оған Қазақстанның барлық өңірлерінен келген фермерлер, сондай-ақ Ресей, Қырғызстан, Өзбекстан, Чехия, Румыния, АҚШ, Канада сияқты тоғыз елден келген шетелдік қонақтар қатысты.



Автор:
ТИТАНОВ Жанат

Көрменің алғашқы күні алыс-жақын елді-мекендерден келген көрме қонақтарын Алматы қаласында күтіп, арнайы автобуспен Алакөл көлі маңындағы Ақши ауылына жеткізіп қонақ үйге орналастыру жүргізілді. Ал осы сәтте, Лепсі ауылы маңындағы көрме болар жерде ұйымдастыру жұмыстары қызу жүріп жатқан болатын. Нақтылап айтар болсақ, Ауыл шаруашылығы малдарын орналастыратын арнайы клетка жанын абаттандыру, 6 және 12 қанатты киіз үйлер орнатылып, бәйге күрес алаңын дайындау сияқты жұмыстар өткізілді.

Көрменің екінші күні сапалы ақпарат пен қызыққа толы болары айтпаса да белгілі, себебі ол күні Үшарал қаласында Ауыл шаруашылығы Министрлігінің қатысуымен мал шаруашылығы мамандарының конференциясы өтті. Конференцияға Қазақстан Ет Одағы, Жетісу облысы әкімшілігінің «ҚазАгро» АҚ, Республикалық етті тұқым палаталарының мамандары қатысып, Қазақстан етті мал шаруашылығының өзекті мәселелері мен оның перспективасы жайлы сөз қозғалды. Сонымен қатар конференциядан соң халықаралық мал шаруашылығы мамандарының съезд кезек алып, ол жиналыста шетелдерден, АҚШ, Канада, Ұлыбритания, Чехия, Эстония, Румыния, Өзбекстан, Қырғызстан, Моңғолия, Ресей Федерациясы мал шаруашылығы делегаттары қатысып сөз сөйледі. Съезд барысында етті мал шаруашылығының болашағы, оны дамыту жолдары сынды маңызды мәселелер көтеріліп, әлемдік

мал шаруашылығындағы атқарылатын ортақ жұмыстар жөнінде және де т.б. ортақ идеялар қозғалып айтылды.

Түс ауар уақыт шамасында конференция мен съезд өз мәресіне жетіп, қатысушы мамандар мен қонақтар түскі астарын ішіп ауқаттанып, кезекті қызықты экскурсияны герефорд және абердин-ангус тұқымы малдарын өсірумен шұғылданатын «Архарлы-Майбүйрек» ЖШС, қой шаруашылығымен айналысатын «Алакөл Агро» ЖШС және жылқы шаруашылығымен айналысатын «Алакөл Асыл Жылқысы» ЖШС сынды шаруашылықтарға бұрып, ол жердегі малды күтіп-бағу технологиясы мен шаруашылықтың базасымен танысып, мал өсірудегі өзіне таңсық жаңа әдістерді, идеяларды кейбір мал шаруашылығы мамандары ойға түйгендері де белгілі болды. Сол бір күннің соңғы дәмді де балғын нүктесі мәрмәрлігімен ерекшеленетін әрі осы тағамға арналған абердин-ангус малы етінен жасалған стейктерді дегустациялаумен қойылды.

Көрменің соңғы күні асыл тұқымды етті бағыттағы бұқалардың сайысымен бастау алып, қазақша күрес, аламан бәйгеге ұласты. Сол күні жан-жақтан келген қонақтардың қарасы көп болды, арасында танымал адамдар мен асыл тұқымды ауыл шаруашылығы малдарын қызықтап көріп жүрген адамдар мен қалмақ тұқымы бұқасын алғаш көріп оны ойын көріп жүрген балалар және





арнайы Лепсінің табиғаты мен осындай той-думанда демалуға келген адамдар толып жүрді. Осы күннің алғашқы іс-шарасы бұқалардың сайысына келер болсақ, сайысқа асыл тұқымды герефорд, қазақтың ақбас тұқымы, абердин-ангус, әулиекөл, лимузин және қалмақ бұқалары қатысты. Жас мөлшері бойынша 12-17 ай, 18-24 ай аралығындағы бұқалар сынға түсті. Сайыста американдық қос төреші **Уилли Моррис, Френк Греизс** төрелік етті. Герефорд тұқымы бойынша сайысқа бес бұқа қатысып, **«Архарлы-Майбүйрек»** ЖШС-не тиесілі лақап аты **«Аристократ»** атты бұқа чемпион атанды. Аталған бұқа өзінің сыртқы дене бітімінің үйлесімділігімен, дамыған кеуде бөлігі және мықты аяқтарымен ерекшеленді. Ал барлық тұқымдар арасындағы сайыста абсолютты чемпион атағына **«Мамбетов и К»** ЖШС-ның лақап аты **«Барон»** атты бұқасы лайықты болды. Жалпы сайыс 2 сағат уақытқа созылып өте жоғары деңгейде өтті. Осы сайысқа қатысқан палата мүшелері қызметкерлеріне алғысымызды білдіре отырып алдағы уақытта болатын осындай іс-шараларда кезекті чемпиондық герефорд бұқасына лайықты болады деген ойдамын. Сайысты тәмамдаған соң қаз-қатар тізілген киіз үйлерден шыққан ұлттық тағамдар мен самаурын түтінінің иісіне еріп, түскі ас ішуге бет бұрылды. Түскі астан кейін той-думан-ның сәнін концерттік іс-шаралар жалғастырды. Концертке танымал әншілер мен жергілікті елді-мекеннің фольклорлық топтары қатысты. Танымал әншілер **Қанат** және **Светлана Айтбаевтар, Мирас Жугунусов** әуезді ән шашуларын халыққа арнады. Кешкі уақытта Алакөл маңында көрме қонақтарына арналған гала ас берілді. Осылайша **«Лепсі 2022»** көрмесі жоғары дәрежеде өтіп біраз уақытқа эмоция сыйлап, өзінің қызықты сәттерімен есте қалды.



«ADAL ONIM» ФШ ТС

«**ADAL ONIM»** ФШ ТС-нің жетекшісі — **Сағындықов Азамат Ерікұлы** 1982 жылы Ақмола облысы Қорғалжын ауданында дүниеге келген.

Ол өз ауылының көптеген жастары сияқты жолын бастады. Астанадағы С. Сейфуллин атындағы Ауыл шаруашылығы университетін бітіріп, бірақ жұмыс істеуді басқа салада бастайды.

Ал, 10 жылдан кейін ғана 2013 жылы Нұра ауданы, Нығман ауылында «ADAL ONIM» ФШ ТС-н құрып, мамандығы бойынша жұмыс жасай бастады.

2015 жылдың өзінде ол маңызды шешім қабылдайды: «Қазақ Ақбас» асыл тұқымды сиырлар мен бұқалардың бірінші партиясын сатып алу және оны көбейту.

2019 жылдың желтоқсан айында шаруашылық 105 асыл тұқымды Герефорд сиырын сатып алды. Герефорд тұқымының ерекшеліктерінің бірі: ерте дамуы және жоғары сапалы етімен танымал болғандықтан, бүгінгі таңда шаруашылықта 250 басқа жуық аналық мал бар.

2022 жылдың сәуір айынан бастап «ADAL ONIM» ФШ ТС Герефорд тұқымының Республикалық палатасының мүшесі болып кірді.

«ADAL ONIM» ФШ ТС жақын маңдағы шаруашылықтарға асыл тұқымды малды қолжетімді бағамен сатып алуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, шаруашылық ауылда жұмыс орындарының пайда болуына және өңірде мал шаруашылығының дамуына өз үлесін қосуда.

Еңбекке деген жоғары талап пен жақсы нәтижеге деген ұмтылыстың арқасында шаруашылық жоғары сапалы ет жеткізуші ретінде беделге ие болды.

Шаруашылықтағы барлық мал тұрақты түрде тексеріліп, сынамалар алынып, мемлекеттік стандартқа сай егу жұмыстары жүргізілуде, жыл сайын мал азығына арналған жаңа техникалар алынады.



Герефорд тұқымының Республикалық Палатасының Директоры «ADAL ONIM» ФШ ТС-нің басшысын Азамат Ерікұлыны Палатада 100 000-шы тіркелген Герефорд атағымен құттықтап сәттілік тіледі.

Шаруашылықта жұмысшыларға, олардың еңбек жағдайын жақсартуға көп көңіл бөлінетіні сөзсіз.

Отағасы, төрт баланың әкесі болған Азамат Ерікұлы отбасы құндылығын бірінші орынға қояды. Сондықтан ол қызметкерлердің отбасын баспанамен үнемі қамтамасыз етуге тырысады. Ол үшін шаруашылық есебінен ауылда үйлер салынып жатыр.

Азамат Ерікұлының өз ісіне деген сүйіспеншілігі, еңбекқорлығы мен әдептілігі ұжымда ғана емес, шаруашылықтан тыс жерлерде де жоғары бағаланады.

2017 жылы Азамат Ерікұлы Сағындықов ЭКСПО-2017 энциклопедиясына енді: Қазақстанның Құрметті азаматтары.

2021 жылы ауыл шаруашылығына қосқан үлесі мен дамуына Қазақстан Республикасы Қазақтың ақбас тұқымы палатасының медалімен және алғыс хатымен марапатталған.

Бүгінде «ADAL ONIM» ФШ ТС өз инвестициясын дұрыс пайдалану мен мемлекеттік қолдаудың арқасында еліміздің халқын сапалы және балғын етпен қамтамасыз ету міндетін алға қойып, алға қойған мақсатына қарай тұрақты дамып келеді.

«KAZAGRO/KAZFARM 2021» КӨРМЕСІ ЖАЙЛЫ ЖӘНЕ «BREEDEXPO» ҚАУМДАСТЫҒЫНАН КЕЛГЕН ҚОНАҚТАРЫМЫЗ



2021 жылдың қазан айының соңында Герефорд тұқымының Республикалық палатасының шақыруымен Эстония, Латвия және Финляндиядан делегация келді. Іс-шараның Қазақстанға алғашқы сапарының мақсаты көрмеге келушілер ретінде KazAgro/KazFarm 2019 көрмесі болды. Ал, 2021 жылы олар бізге Палатаның серіктестері ретінде келді және Hereford Qazaqstan-мен бірлесіп, KazAgro/KazFarm 2021 көрмесінде BreedEXPO-мен өз елдерін таныстырды.



Автор:
Ляззат ИДРИСОВА
Герефорд Палатасының бас маманы

Эстония, Латвия және Финляндия ірі қара мал өсіруде ұзақ тәжірибеге ие. Фермерлер мал басын жақсарту үшін белсенді жұмыс істеуде. Жаңа экспорттық нарықтарға шығу сүт және ет секторының дамуына оң әсер етеді, өйткені экспортталатын қашарлар санының артуы сүт және ет өнімдерін өндірумен айналысатын фермерлер үшін қосымша табыс әкеледі, бұл ретте мал шаруашылығындағы генетикалық әртүрлілікке де ықпал ететін болады.

«BreedExpo» — бұл «асыл тұқымды малдарды жаңа нарықтарға экспорттауға арналған Мета-кластер» трансшекаралық ынтымақтастық жобасы, асыл тұқымды малдарды Қазақстанға, Грузия мен Украинаға экспорттау процесінде Эстония, Латвия және Финляндиядан ауыл шаруашылығы өндірушілерін қолдауға бағытталған. Бұл жобаға үш елден 40-қа жуық ауыл шаруашылығы өндірушілері қатысады.

«BreedExpo» жобасының серіктестері:

- * Эстонияның ауылшаруашылық және коммерциялық палатасы
- * Латвиядан «фермерлік парламент» одағы
- * Финляндияның оңтүстік-батысындағы ауыл шаруашылығы өндірушілерінің одағы.

Соңғы бірнеше жылдың ішінде Герефорд тұқымының 150 басқа дейінгі ірі қара малы

Көрме Экспо орталығында өтті, оған 20-ға жуық ел қатысты. Экспо орталығының аумағында мал шаруашылығы көрмесі өтті, онда төрт етті бағыттағы асыл тұқымдар: Герефорд, Ангус, Ақбас және Қалмақ тұқымдары ұсынылды. Тәуелсіз төреші ретінде барлық ұсынылған тұқымдардың ішінен және әр тұқымның ішінен ең үздік бұқаны таңдауда (*қалмақ төрешілікке қатыспайды*), бұл үшін АҚШ-тан арнайы қонақ-PJ Budler шақырылды. Бұл оның Қазақстанға төреші ретінде екінші рет келуі. Айта кетейік, ол әлемдегі ірі қара мал бойынша үздік төрешілердің бірі. Оның көрмеге қатысуы біздің

іс-шарамыздың жоғары деңгейін көрсетті.

Көрменің нәтижелеріне қатысты барлық тұқымдардың ішіндегі ең үздік бұқа «Колос» ФҚ-нан «Авангард» лақап атымен ақбас тұқымды бұқа атанды. Герефорд тұқымының ішінде төрешінің таңдауы бойынша осы бұқалар ең жақсы атағына ие болды: Қарағанды облысының «Айбол» ШҚ-нан 1,5 жасқа дейінгі «Байкал» лақап атымен бұқа және «Акселеу» ЖШС-нен 3 жасқа дейінгі «AKS033H» лақап атымен Солтүстік Қазақстан облысынан ең жақсы атағына ие болды, ал осы 2 бұқаның арасында ең үздік бұқа «AKS033H» болып шықты.



Қазақстанға Эстония мен Латвиядан импортталды, негізінен бұл аналық мал басы болды, ал 2022 жылы Герефорд тұқымының асыл тұқымды бұқалары Қазақстанның төрт облысына: СҚО, Ақмола, Қарағанды және Павлодар облыстарына әкелінді. Келген мал өте жоғары деңгейде және үлкен әлеуетке ие, өйткені фермерлер әлемдік деңгейдегі генетиканы қолданады.

Жалпы, халықаралық деңгейдегі іс-шара жоғары деңгейде өтті, бұл туралы Балтық елдерінен келген қонақтар атап өтті.

Кристина Адама, «Ет мал аукцион үйінің сарапшысы»:

Менің атым Кристина Адама, мен мал шаруашылығы бойынша сарапшымын және Латвиядағы «SIA Liellopu izsoļu nams» ет мал аукцион үйінің сауда өкілімін. BreedExpo аясында ұйымдастырылған сапар барысында мен Қазақстандағы етті мал шаруашылығының дәстүрлері туралы әсер алдым. Менде ангус тұқымды екі фермаға, жеке қасапханаға барып, мал шаруашылығының мамандары мен

тәжірибешілерімен кездесуге мүмкіндік болды. Мені Қазақстанда өсірілген жануарлардың экстерьерлік сапасы қуантты, ол климатқа сәтті бейімделудің арқасында іріктелді. Жаңа идеяларға ие болу және етті мал шаруашылығы саласын жақсарту және тезірек дамыту үшін біздің көзқарасымызды кеңейту үшін елдер арасында мал өсіру тәжірибесімен алмасу өте маңызды. KazAgro/KazFarm семинары мен көрмесінде Латвиялық Ет өнеркәсібі мен ет мал аукцион үйін ұйымдастырғаны және ұсынуға мүмкіндігі үшін герефорд селекционерлері қауымдастығының ерекше алғысым шексіз. Ірі қара мал аукцион үйі ретінде біз Латвиялық тұқымды жануарларды Қазақстанға экспорттадық және болашақта Балтық елдері мен Қазақстан арасындағы табысты ынтымақтастықты көруді жалғастырамыз.»

Раймонд Яковичукис, «Фермерлік Парламент» Одағы, мал шаруашылығы бойынша сарапшы:

Ең алдымен, Герефорд палатасына Қазақстандағы жылы қабылдауы үшін рахмет. Осы сапар барысында Латвиялық фермерлер Қазақстандық етті мал шаруашылығы индустриясымен танысып, сіздің еліңіз туралы көбірек ақпарат алды. Қазақстанның ет өнеркәсібін дамытып жатқанын естіп, көргеніміз жақсы болды. Латвияда етті мал шаруашылығы саласы да жақында пайда болды. Мен фермаларда көргеніме таң қалдым, мысалы, фермерлер малдың әл-ауқатына қандай жауапкершілікпен қарайды.

KazAgro/KazFarm көрмесінде мал шаруашылығына арналған бірнеше стендтер болды. Төреші АҚШ-тан келген ет бұқаларын көрсету және бағалау өте құнды болды. Қазақстанның қатал климатына және жем-шөп базасының әлсіздігіне қарамастан, біз көрген малдың



Ең үздік бұқа «AKS033H» лақап атымен «Акселеу» ЖШС-нен атаққа ие болды.

сапасы жақсы. Латвия сондай-ақ Қазақстандағы етті мал шаруашылығы саласының дамуына өз үлесін қоса алады. Біз сиыр етін өсіру және бордақылау үшін, сондай-ақ етті мал шаруашылығы секторына арналған түрлі семинарларды ұсына аламыз. Мен болашақта табысты ынтымақтастыққа үміттенемін».

Джейн Маттик,
Эстонияның ет
өсірушілер қауымдас-
тығының президенті:

«BreedExpo», Эстония, Латвия және Финляндия арасындағы ынтымақтастық жобасы жаңа экспорттаушы елдер мен мал шаруашылығы саласындағы ынтымақтастық серіктестерін іздеу мақсатында іске қосылды.

Жоба аясында біздің фермерлер биыл екінші рет «**KazAgro/KazFarm**» көрмесіне барып, жақсы әсер алды. Жергілікті өкілді ұйымдардың қазақстандық сиыр еті өндірісін, өнеркәсіпті және экспорттық әлеуетті дамыту бойынша өте үлкен жұмыс атқаратыны және елде бұл үшін өте жақсы алғы шарттар бар екені қуантады. Дұрыс шешім қабылдай отырып және ірі қара мал өсірудің әлемге әйгілі әдістерін енгізе отырып, Қазақстан болашақта ірі қара мал өсіру бойынша әлемнің ірі елдері арасында сенімді орын алады.

Біздің топ үшін өте қызықты және алуан түрлі бағдарлама ұйымдастырған Қазақстандық Герефорд Палатасына үлкен рахмет, онда біз көрме экспозициясымен және етті мал шоуымен, жергілікті фермалармен және ет өнеркәсібімен, сондай-ақ энтузиастармен және нәтижеге бағдарланған кәсіпкерлермен таныстық. Біз сондай-ақ көрме



аясында ұйымдастырылған семинарда Қазақстандағы мал өсіруші фермерлермен өз тәжірибемізбен бөлісе алдық. Дәл осындай көрмелер, фермалық турлар мен семинарларды ұйымдастыру фермерлер мен олардың өкілді ұйымдары арасындағы білімді, дағдыларды және озық тәжірибені үндестіруге мүмкіндік береді және белгілі бір жағдайларға сәйкес келетін тұқымдарды таңдау немесе

генетикалық тұрғыдан жақсы өсіру болсын, қалаған бағытта жылдам және нәтижеге бағытталған дамуды қамтамасыз етеді. немесе азықтандыру әдістерін тестілеу және нәтижелерді енгізу. Эстондық және қазақстандық малшылар арасында тәжірибе алмасуда және асыл тұқымды малдарды сатуда өте жақсы ынтымақтастық қалыптасты және біз Қазақстанда етті мал шаруашылығын тиімді дамытуға ең жақсы үлес қосуды жалғастырамыз деп үміттенеміз!

Ханну М, Финляндияның Faba ұйымының өндірістік директоры. Байланыс сапары және көрме Қазақстанда 17-23.10.2021

Біз 2021 жылдың қараша айында Қазақстанға және «**KazAgro/KazFarm 2021**» көрмесіне байланыс сапары кезінде Фин делегациясының төрт бақытты мүшесі болдық. Оңтүстік Финляндиядан екі герефорд фермері және Финляндия фермерлер одағы мен Финляндия мал өсіру қауымдастығының өкілдері болды. BreedExpo-ның делегациясы Эстониялық, Латвиялық және Финдік фермерлер мен селекционерлерден құралған.

Ең алдымен, мен барлық Қазақ ұлтына үлкен қонақжайлылығы үшін алғыс айтқым келеді және Герефорд Палатасына. Туған елдерден мүлде бөлек кең-байтақ мемлекетте бізді жылы қабылдады.

Мүмкін, ең үлкен айырмашылық — климат пен алқаптық жерлер. Біз Балтық теңізі елдерінде жасыл алқаптар мен ормандарға үйренгенбіз, ал Қазақстанда жануарлар құрғақ климатқа бейімделген.

Шаруа қожалығын аралау кезінде біз жайылымға

арналған кең аумақтары бар өте кәсіби күтімді сиыр фермаларын көрдік. Балтық теңізі елдерінде егістік алқаптары фермаларға жақын, ал Қазақстанда етті малды жүз шақырымға дейін тасымалдауға болады. Өндіру мен асылдандыру мақсаттары жоғары деңгейде. Қазақ фермерлер өздерінің Жібек жолы бойындағы географиялық орнын түсінеді. Қытай немесе Таяу Шығыс үшін нарықтар ашық. Сиыр етін жоғары өндіретін АҚШ, Австралия сияқты елдермен ынтымақтастық белсенді. Біз жаңа селекция технологиясы мен геномдық селекцияға құмар зерттеушілерді де кездестірдік. Таза тұқымды жануарлар жоғары бағаланады, бұл тиімді өсіру үшін өте маңызды.

ҚазАгро/КазФарм 2021 «Көрмесі»

Біздің делегация Breed Expo көрмесінде герефорд тұқымының Республикалық палатасымен ынтымақтастықта ортақ стендке ие болды. Біз Қазақстандағы ірі қара мал герефорд өсірушілерімен өте қызықты келіссөздер жүргіздік және Балтық және Фин мал шаруашылығын ашық семинарда ұсынуға мүмкіндік алдық.

Финляндияда шамамен 270 мың бас сүтті бағыттағы және 80 мың бас етті бағыттағы малдар бар. Негізгі сүтті бағыттағы тұқымдары — Холштейн және Айршир, ал етті бағыттағы тұқымдары — Герефорд, Ангус және Лимузин. Сүтті және етті бағыттағы малдарды есепке алу жоғары деңгейде жүргізіледі және әрбір тұқымда Viking Genetics компаниясы әзірлеген бірлескен скандинавиялық өсіру бағдарламасы бар. Бұл асыл тұқымды компания Дания, Фин және Швед



селекционерлеріне тиесілі. Он жыл бойы ол сүтті бағыттағы малдарды өсіру бағдарламасында геномдық селекцияны (ДНК-ға негізделген әдіс) қолданады, ал жақын арада оны етті бағыттағы малдарын өсіруде қолдана бастайды.

Ашық көрме алаңында ірі қара малдармен қатар үлкен ауыл шаруашылық техникалары қойылды. Көрменің үздік мал тұқымы — қазақ ақбас атанды.

Мен қазақ ақбас пен герефорд тұқымдарын ажырату қиын деп санаймын. Көрмеге қатысқан бұқалар жақсы күйде болды. Кейбір жануарлардың сергек болғаны сонша, жүргізуші рингтің сыртында жануарларды таныстыруды жөн көрді. Көрермендер көп болды, бірақ отыруға және атмосфераны тамашалауға орын болмады.

Егер біз ақбас пен герефорд тұқымын салыстырсақ, олар шынымен де бірдей боп көрінеді. Герефорд қазақ даласы үшін тиімді тұқым деп санаймын.

Күздің жылы күні және көтеріңкі атмосферада көрме қонақтары етті бағыттағы үздік ірі қара малдарды тамашалады.



Еуразиялық экономикалық форум аясында Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің үздік агро-өнеркәсіптік өнімдерінің көрмесі ұйымдастырылды. Агроөнеркәсіптік көрме Форум алаңын отандық тауар өндірушілердің жетістіктерін таныстыру және ақпараттық қолдау үшін пайдалануға мүмкіндік берді. Одақ тауарларының бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін қосымша ынталандырулар жасады, бұл өзара сауданы дамытуға және Қазақстан Республикасы тауарларының экспортына ықпал етті. ЕАЭО елдері көрмеде агроөнеркәсіп кешенінің жетістіктері мен даму перспективаларын көрсетті.



Автор:
Ляззат ИДРИСОВА
Герефорд Палатасының бас маманы



БІШКЕКТЕГІ ЕУАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ФОРУМ (ЕЭФ)

Осыған орай, экспортты ілгерілету жөніндегі мемлекеттік бағдарламаны іске асыру аясында Қазақстанның Сыртқы сауда палатасы 2022 жылғы 26 мамырда Бішкекте (Қырғызстан) өткен тауар өндірушілерінің көрмесінде қазақстандық экспорттаушыларды таныстырды.

Көрмеге Герефорд тұқымының Республикалық Палатасы (Палата) Қазақстанның ССП-мен бірлесіп қатысты. Қазақстанның тауар өндірушілері мен Герефорд палатасы өз өнімдерін ортақ шатырда ұсынды.

Айта кетейік, Герефорд тұқымының Республикалық палатасының директоры Қырғызстан Республикасының Ауыл шаруашылығы Министрі — Жаныбеков Асқарбек Сапарбекұлымен кездесті. Кездесу барысында Қазақстаннан ІҚМ, оның ішінде асыл тұқымды ІҚМ экспортына қатысты мәселелер талқыланды. Бүгінгі таңда Қырғызстанда шамамен 1750 467 ірі қара мал бар. Қырғыз тарапынан етті және сүтті бағыттағы ІҚМ,



оның ішінде асыл тұқымды малды және бұқалардың ұрығын сатып алуға қызығушылық танытты. Өкінішке орай Қазақстанда ІҚМ экспортына тыйым салынғанын атап өткім келеді.

Форумның басты тақырыбы — **«Жаһандық өзгерістер дәуіріндегі Еуразиялық экономикалық интеграция. Инвестициялық белсенділіктің жаңа мүмкіндіктері».**

ЕАЭО ЖІӨ өсімі 2021 жылдың қорытындысы бойынша 4,6 пайызды құрады, өзара сауда көлемі 32 пайызға өсті.

Токаев Касым-Жомарт Кемелевич өз кезегінде ЕАЭО өзінің тиімділігін, оның ішінде бүгінгі күннің күрделі шындықтарында да дәлелдегенін атап өтті.

Кейде Одақта проблемалық мәселелер туындайтынына таң қалуға болмайды, өйткені әрбір мемлекет өзінің ұлттық мүдделерін өзінше көріп отыр, деді Қазақстан Президенті. **«Әрбір мемлекет қажет деп санайтын мәселелердің дәл осылай шешілуін талап етеді. Бұл әр халықаралық ұйымда, әсіресе сауда жасайтын ұйымдарда қалыпты жағдай»,** — деді ол.

Токаев Касым-Жомарт Кемелевич Қазақстан мен Қырғызстан екі ел арасында тауар айналымын жылына бір миллиард доллардан екі миллиард долларға дейін арттыруға бағытталғанын атап өтті.



Ортада Қырғызстанның Ауыл шаруашылығы министрі — Жаныбеков А.С.
РСУП «ГОМЕЛЬГОСПЛЕМПРЕДПРИЯТИЕ» директоры Мельник А.В.
Белорусское государственное объединение по племенному животноводству
«БЕЛПЛЕМЖИВОБЪЕДИНЕНИЕ»
Зыкович Ю.С. — сыртқы сауда бөлімінің бастығы.



«Genesis.KZ» ЖШС
010000 Астана қ.,
Қорғалжын шоссе 13/5
Контактілер:
Жанар Шахманова
8 (702) 777-48-98

«Асыл тұқымды мәртебесін беру ережесі бойынша (*) асыл тұқымды малға (бұзауға) бірінші санатты беру үшін әкесі бойынша шығу тегінің растығын анықтайтын генетикалық сараптамадан өтуі қажет.

Заңды сілтемелер:

«Асыл тұқымды мал шаруашылығы туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 9 шілдедегі 13 Заңы, баптың 26 тармақшасы.

«Асыл тұқымды өнімге (материалға) мәртебе беру (тоқтата тұру, күшін жою) қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің 11.12.2015 жылғы 3-3/1084 бұйрығы.



«GENESIS.KZ» ЖШС

Қазақстан Республикасында Ауыл шаруашылығы министрлігіне үлкен мемлекеттік міндет қойылды: етті бағыттағы ірі қара мал басын көбейту және өнімділігі жоғары мамандандырылған етті асыл тұқымды бұқаларды қолдану арқылы қолда бар мал басының өнімділігін арттыру. Осыған байланысты Қазақстан Республикасына шетелдік селекциялық малды әкелу жүзеге асырылады. Селекциялық-асыл тұқымдық жұмыстарды жүргізуге көп көңіл бөлінеді.

Селекционерлердің міндеттерінің бірі: жоғары өнімді өндірушілерден алынған тегі расталған аталықтарды пайдалану.

Бұл мәселе бұқашықтардың әкесі бойынша генетикалық растауының көмегімен жүзеге асырылады.

ГЕНОТИПТЕУ ДЕГЕНІМІЗ - ЖАНУАРЛАРДЫН ДНК-СЫН ЗЕРТТЕУ

Генотиптеу қалай жүргізіледі:



1. Шаруашылық түкті баданалары (тамырлары) бар жануарлар шашының сынамаларын жібереді (*).



2. ДНК шаш фолликулаларынан бөлініп, содан кейін STR-генотиптеу (**) әдісі бойынша зертханалық зерттеледі.



3. АТЖ базасына генотиптерді енгізу (ақпараттық-талдамалық жүйе).



4. Шығу тегін растау үшін ықтимал әкелердің (тұқымдық бұқалардың) генотиптерін салыстыру.



5. Нақты әкелер мен аналарды көрсете отырып, генетикалық сертификаттарды рәсімдеу *** (қажет болған жағдайда).

Генотиптеудің мақсаты - белгілі бір ата-анадан шыққанын растау

1. Әкесі арқылы шығу тегін растау үшін бұқашықтардан және ықтимал әкелерден (асыл тұқымды бұқалардан) шаш үлгілері қажет. Егер осы асыл тұқымды бұқалардан бұрын генотиптелген болса, биологиялық материалды тек бұқашықтардан және ИНЖ нөмірлерін ұсыну қажет. Барлық генотиптер АТЖ базасына енгізіледі және сақталынады.

2. Бұл әдісті жануарлар генетикасы халықаралық қоғамы ұсынған және Қазақстанда Палаталар мен АШМ-нің бірлескен шешімімен пайдалануға ұсынылған.

3. Генетикалық сертификат «Генпаспорт» деп аталады (екеуі де бір құжат).

Артықшылықтары

Әкесінен шыққан тегі туралы сенімді ақпараты бар асыл тұқымды бұқаларды пайдалану жоғары өнімді өндірушілерден алынған бұқашықтарды пайдалануға мүмкіндік береді. Бұл артықшылықтар белгілі бір шаруашылық пайдалы белгілерді селекциялау бағытында, жаңа желілер, туыстық топтарды шығару, ұрпақтардың өнімділігін арттыру, азық бағасын төмендету және өндірудің соңғы кезеңінде еттің өзіндік құнын төмендету бағытында мақсатты селекциялық-асылдандыру жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік береді.

«Genesis.KZ» ЖШС білікті кадрлары бар, генотиптеу қызметін көрсету үшін импорттық реактивтер мен материалдарды және ең заманауи құрал-жабдықтарды пайдаланады.

«Genesis.KZ» ЖШС –не халықаралық сапа сертификаты берілген

«Genesis.KZ» ЖШС генетикалық зерттеулер сапасының халықаралық салыстырмалы сынақтарынан сәтті өтті. Мұндай сынақтарды (кольцевые тесты) халықаралық жануарлар генетикасы қоғамы жүргізеді. «Genesis.KZ» ЖШС ең жоғары ықтимал бағасы бар халықаралық сапа сертификатын алды: генотиптерді анықтау дәлдігі 100% және жануарлардың туыстығын анықтау бойынша міндеттерді толық дұрыс шешуде



Пайда жағынан ет өндіру бағытындағы асыл тұқымды малды қалай таңдау керек

Герефорд тұқымының бай және аңызға толы тарихы бар, оның тарихы бай және қоңыржай Герефордшир аумағында Бэнджамин Томкинстың аталған тұқымды шығаруымен тығыз байланысты. Ол 1742–1789 жж аралығы болатын.



Бүгінде герефорд тұқымы дүние жүзінде ең көп таралғандар санына жатады. Олар сондай-ақ Брафорд, Бифмастер, Бонсмара және Қазақтың Ақбасы сияқты бейімделген тұқымдарды шығаруда маңызды рөл атқарды.

Қазақстанның қоршаған ортасы мен климаты герефорд тұқымы үшін тамаша жағдайды қалыптастырады. Герефорд қатал қыс пен нашар азықтандыруға оңай бейімделеді. Жақсы герефорд малы жаратылысы бойынша төлшең, мінезі жуас, тез жетіледі, бойына тез ет жинайды және жақсы азықтанады.

«Егер сіз дене тұлғасы қызыл, шоқтығында, мойынның жоғары және төменгі сызығында бірнеше ақ дақтары бар ақ бетті көрсеңіз, сіз алдыңызда жеген азықты сиыр етіне өңдеудегі ең тиімді ірі қара машиналарының біріне қарап отырғаныңызға сенімді болуыңыз мүмкін.

Бұл мақалада мен функционалдық тиімділік, демек пайдалылық жағынан жануарларды таңдауға қатысты кейбір қағидаларды қысқаша баяндаймын.

ФЕНОТИПТІК БАҒАЛАУ;

Біріншіден, ірі қара малды азықтану, жүру және көбею қабілетіне қарай іріктеу керек. Азықтану — бас бөлігі және жағына Жүру — тұяғы, сирағы және қаңқасы Көбею — жыныс мүшелері және екіншілік жыныстық белгілері.

Екіншіден, іріктеу ірі қара мал үшін 4 маңызды экономикалық белгілерге бағытталуы керек. Бұл бейімделу, функционалдық тиімділік, төлшендік және ұзақ уақыт пайдаланылуы.

— Функционалдық тиімділік (*дұрыс физиологиялық және эндокринологиялық функциясы*)

Сіз менің сүт, бұлшықет, өсу немесе ет мәрмәрлігі туралы айтпағанымды байқайсыз. Бұл белгілер қаншалықты маңызды болса да, егер біз алдымен жоғарыда аталған белгілер арқылы іргетас қаламасақ, олар маңызды емес болады.

Үшіншіден, сапалы малдың пішіні, көлемі және түсі әртүрлі болады деп есептеймін. Үлкен немесе кішкентай, қою қызыл немесе сары түсті, сұрыпталғандардың мүйізділерін жасау өте оңай. Асыл тұқымды өсіру өнері жақсы жануарларды өсіруде жатыр.

Сіз жақсы деп санайтын нәрсені таңдағаннан кейін, бұл жануар селекционердің мақсаттарына, ресурстарына және ең бастысы олардың қоршаған ортасына сәйкес келетінін растау керек.

Жануарлар үшін теңдестірілген дене мүшесі болу керек. Герефорд тұқымы қаңқа құрылымы тұрғысы теңдестірілген, сондықтан дененің бөліктері бір-бірімен сәйкес келеді. Бұлшықет массасы мен майдың үйлесімі тұрғысынан теңдестірілген. Гормоналды тепе-теңдік және бездердің жақсы қызметі тұрғысынан теңдестірілген. Бұқалар бұқаға тән берік, мықты, ал аналықтары ұрғашы малға тән нәзік болу керек.

Дененің туа біткен жағдайы мен гормоналды тепе-теңдік ұрықтану қабілетіне (*фертильность*) тең. Бұл қабілет герефорд малының ерекше белгісі болып табылады. Дененің туа біткен жағдайы жоғары ірі қара мал ертерек жетіледі, төлшең болады, жақсы азықтанады,



темпераменті жуас және егін жиналғаннан кейін жақсы азықтануды қамтамасыз етеді.

Көрмелерде немесе конференцияларда менде сиырдың мөлшері туралы көптеген сұрақтар болды. Бұл менің жауабым сіздерге: малдың салмағын немесе өлшемін бергеннен гөрі күрделірек. Егер сіз мал өсіруші ретінде сіз бейімделген, функционалды тиімді ірі қара мал өндіруге қызығушылық танытсаңыз-мұнда бірнеше принциптер бар.

(Төмендегі сандар, пайыздар мен уақыт аралықтарын бір нәрсеге бейімдеуге немесе жұмыс істеуге болады. Принцип жүйені немесе бағдарламаны іске асыру болып табылады).

1. Сиыр табынын азықпен қамтамасыз етіңіз, оны әдетте сіздің аймағыңыздағы прогрессивті коммерциялық өндірушілер пайдаланады. Оларды аштыққа ұшыратпаңыз, бірақ оны тым асыра азықтандырмаңыз.
2. Сиыр алғаш рет 27 ай жасында төлдеуі керек.
3. Барлық ұрғашылар жыл сайын бір уақытта, жыл сайын төлдеуі керек.
4. 65 күндік сервис кезеңін қолданыңыз.
5. Енесінен айырған кезде ең аз рұқсат етілген салмақты орнатыңыз.
6. Сиырлар бұзауды 7 айға дейін өсіруі керек, олардың салмағы дене салмағының кемінде 45–50% құрауы керек.
7. Жыл сайын осы талаптардың 6-ына жауап беретін аналықтарды ғана ұстаңыз.
8. Жақында сіздің асыл тұқымды табыныңызда қалған сиырлардың мөлшері, салмағы және түрі нарық үшін өте қолайлы болады және сіздің жағдайыңызға бейімделеді.

Мал шаруашылығында малдарды есепке алу және әрі қарай дамыту маңызды. Барлық қол жетімді құралдар мен әдістерді қолданыңыз, және де малды бақылауды да үйреніңіз. Байқау-сәттіліктің кілті.

Сондай-ақ, мал шаруашылығында- Генетика, табындарды басқару, азықтандыру, жануарлардың денсаулығы, Маркетинг, Есеп, жемшөпті басқару, адами капитал мал өсіруде

аса маңызды болып келеді. Үстінде аталып өткен бөлімшелерді кешенді қарастыру керек және кез-келгенін елемей бүкіл бағдарламаның құлдырауына әкелуі мүмкін.

Қазақстан Герефорд тұқымын дамытудың әлемдік орталығына айналуға дайын. Ресей мен Қытай көрші елдер болғандықтан, Қазақстанда өндірілген сиыр еті және премиум еті келешекте үлкен экспорттық әлеуетке ие болуы мүмкін.

Том Ласатер айтқандай, ірі қара мал өсіру оңай, ең қиыны-оны оңай қылып сақтау.

Автор туралы:


Пи Джей Бадлер Оңтүстік Африкадағы малшылардың 5-ші ұрпағында өсті. 15 жасында ол BonHaven Beef Cattle компаниясын құрды. 1996 жылдан 2012 жылға дейін ол Бонхавенді Оңтүстік Африканың 3 елінде 5 филиалға дейін кеңейтті. Герефорд, Ангус, Қызыл Ангус, Брафорд және Брахманның табындары көптеген ұлттық көрмелерде жеңіске жетіп, континентте аукцион рекордтарын орнатты.

2012 жылы Пи Джей Техас, АҚШ-қа көшіп келді, онда ол TransOva Genetics Халықаралық бизнес менеджері болып табылады. Бұл лауазым жыл сайынғы «**ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ**» конкурсын өткізумен, шоулардың төрешілігімен, іс-шараларға қатысумен және ірі қара мал ұстауда кеңес берумен қатар, оны АҚШ-тың 48 штатына және 101 басқа елге алып келді.


Ол әлемнің 42 елінде 76 түрлі мал тұқымын сарапқа салған. 2017 жылы РЖ барлық 6 континенттегі Ұлттық көрмеге төрелік еткен бірінші ірі қара мал төрешісі болды.

Мал есебін жүргізу аса маңызды және бұл жазбаларды асылдандыруда пайдалану бірдей маңызды. Қолда бар құралдардың барлығын пайдаланыңыз, сонымен қатар малыңызды қарап отырып зерттеуді үйреніңіз. Бақылау маңызды.

ГЕРЕФОРД ТҰҚЫМЫНЫҢ
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ПАЛАТАСЫ
МҮШЕЛЕРІНІҢ ОРНАЛАСҚАН
ЖЕРЛЕРІ




HEREFORD
QAZAQSTAN



Облыстар бойынша Герефорд тұқымының тіркелген бастарының саны, сондай-ақ 2022 жылға арналған кезеңге (2022 жылғы 27 қыркүйектегі жағдай бойынша) берілген асыл тұқымды куәліктер

№	Облыс	Барлығы бастың саны	Тіркелген бастың саны				Барлығы бастың саны	Берілген асыл тұқымды куәліктер саны		Мүше боп кірген саны
			Бұқа	Сиыр	Бұқашық	Қашар		Бұқа/Бұқашық	Сиыр/Қашар	
1	Ақмола	303	2	11	136	154	961	409	552	1
2	Ақтөбе	1064	0	0	341	723	847	384	463	3
3	Алматы	729	3	0	146	580	203	149	54	1
4	ШҚО	393	0	0	86	307	121	51	70	1
5	Жамбыл	1	0	0	1	0	1	1		0
6	БҚО	2389	0	4	778	1607	2231	876	1355	4
7	Қарағанды	791	0	0	155	636	297	143	154	3
8	Қостанай	1153	0	0	467	686	958	668	290	0
9	Қызылорда	80	0	0	20	60	89	29	60	0
10	Абай	647	0	0	180	467	201	141	60	3
11	Жетісу	364	0	0	226	138	178	115	63	0
12	Ұлытау	347	0	0	144	203	158	94	64	0
13	Павлодар	637	0	0	189	448	186	92	94	0
14	СҚО	195	0	0	109	86	425	162	263	2
15	Туркестан	13	0	0	13	0	13	8	5	0
Барлығы:		9106	5	15	2991	6095	6869	3322	3547	18



«ЖУНУСОВ Д.Е.» ШҚ

2018 жылы «Сыбаға» мемлекеттік бағдарламасының арқасында жергілікті КТ-дан несие алып, Ресей Федерациясының Пермь өлкесінен асыл тұқымды герефорд құнажындарын әкеліп, сондай-ақ бұқаларды сатып алып, 2018 жылы жеке шаруа қожалығын құру идеясына бет бұрды. Ал енді, 2020 жылдың ақпан айынан бергі тынымсыз

еңбектен кейін, біздің үйімізде алғашқы төлдерді ала бастадық. Ал, 2022 жылы Эстония елінен бірінші санатты 20 бұқашық алып келдік.



КӨПТЕГЕН АДАМДАР МАҒАН СҰРАҚ ҚОЯДЫ: НЕГЕ ГЕРЕФОРД ТҰҚЫМЫ, НЕГЕ МЕН БҰЛ ТҰҚЫМДЫ ТАҢДАДЫМ?

Бастапқыда, герефорд тұқымының жануарлары қарапайым және шыдамды, флегматикалық мінезіне ие және жайылымнан жайылымға дейін ұзақ қашықтыққа бара алады. Олар кез келген дерлік климаттық жағдайларға жақсы бейімделеді: олар ыстық климатта да, суық жағдайда да салмақ қосуды бірдей жақсы береді. «Мәрмәр сиыр еті» деп аталатын герефордтардан алынған ет сапасына ерекше назар аудару керек. Пісіргеннен кейін мұндай еттен жасалған тағамдар шырынды және жұмсақ болады.

Бұл ет тұқымының жануарлары туберкулезге және басқа да жаман ауруларға төзімді. Жақсы жағдайда олардың семіздігі мен құнарлылығын сақтай отырып, өмір сүру ұзақтығы жоғары (15–18 жас). Бұзаулардың өміршеңдігі өте жақсы, 8–9 айға дейін емізу кезеңінде жүреді. Жоғарыда аталған барлық қасиеттерді ескере отырып, біз ауыл шаруашылығын жаңадан бастағандарға осы етті бағыттағы тұқымды өсіруге кеңес бере аламыз. Мен тұқымға өте ризамын, тексерілді — ұсынамын!

«БЕЛАГРО-2021» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН КӨРМЕСІ



Ол сондай-ақ «Белплемжив объединение» өкілдерімен кездесті, кездесу барысында олар тарапынан тез арада сатуды қамтамасыз ету, сондай-ақ жануарларға асыл тұқымды куәліктерді мүмкіндігінше қысқа мерзімде беру туралы келісімдерге қол жеткізілді.

Палата директоры «Белагро-2021» көрмесінің ұйымдастырылу деңгейін жоғары бағалады.

Көрмеге қатысушылардың барлығына мал шаруашылығында жаңа жетістіктер тілейміз.

Жетілдірілген құрал-жабдықтар, жаңа көкөніс өсіру және цифрлық инновациялар — Беларусь, Ресей, Германия, Польша, Қытай сияқты түрлі елдерден 425-тен астам компания қатысқан «Белагро-2021» халықаралық мамандандырылған көрмесі өз жұмысын аяқтады. Бұл жолы ол қатысушылардың рекордтық санын жинады. Оның ішінде 16 елдің делегациялары. Төрт жүзден астам компания өз өнімдерін ұсынды. Ауқымды ауыл шаруашылығы форумының нәтижесінде көптеген тиімді келісімдер жасалды, соның ішінде шетелдік серіктестермен де.

Көрме аясында «Белплемживобъединение» мал шаруашылығы павильонын ұйымдастырды, онда Республикада өсірілетін асыл тұқымды ауылшаруашылық малдарының барлық түрлерінің: сүтті және етті ірі қараның, жылқылардың, шошқалардың, қойлардың, ешкілердің, қояндардың, сондай-ақ құстардың үздік өкілдері қойылды.

«Белплемживобъединение» экспозициясын Ресей Федерациясының әртүрлі аймақтарынан, Өзбекстан Республикасынан, Тәжікстан Республикасынан, Қазақстан Республикасынан және басқа елдерден делегациялар тамашалады.

Қазақстаннан келген делегациямыз «Гомель-агрокомплект» кәсіпорнының жаңалықтарымен танысты.





KANSAS CITY, USA

OCTOBER 23-26, 2025

Герефорд тұқымының Республикалық палатасы,
Астана қ., Кенесары 40 көшесі, 1205 кеңсе «7 Континент» БО
тел. +7 771 532-22 00, +7 7172 279-996
e-mail: info@hereford.kz, www.hereford.kz, [@hereford_qazaqstan](https://www.instagram.com/hereford_qazaqstan)

БАРЛЫҚ СҰРАҚТАР БОЙЫНША ПАЛАТАҒА ХАБАРЛАСЫҢЫЗ

2022 ЖЫЛЫ 3 НАУРЫЗДА ӨТКЕН ГЕРЕФОРД МҮШЕЛЕРІНІҢ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕП БЕРУ ЖИНАЛЫСЫНАН ФОТОРЕПОРТАЖ





АСЫЛ ТҮЛІК
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МАЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН
АСЫЛДАНДЫРУ ОРТАЛЫҒЫ

Бөлім
«Асыл Түлік» АҚ
СЕЙСЕНОВ
Болат Секенұлы

САПАЛЫ ГЕНЕТИКА — ТӨРТ ТҮЛІКТІ ТАБЫСТЫ ТӨЛДЕТУ КӨЗІ

Ауыл шаруашылық малдарын қолдан ұрықтандыру процесі селекциялық және асыл тұқымды жұмысты сауатты ұйымдастырған жағдайда ғана нәтижелі болады. Бұл ретте шаруашылықта малды қолдан ұрықтандыруға барлық мүмкін болатын жағдайдың оң мен теріс жақтарын сараптап алған дұрыс — қолданылатын аталық малдың асыл тұқымды қасиеттері, өнімділігі, ұрықтандырылатын малдың денсаулығы, ұрықтың сапасы, жасанды ұрықтандыру технологияларын дұрыс пайдалану және т.б. жәйттерді ескеру қажет.

Жоғарыда көрсетілген көпқырлы процесте «Республикалық мал шаруашылығын асылдандыру орталығы «Асыл түлік» АҚ-ның (*Асыл түлік*) рөлі ерекше, оның негізгі міндеті Қазақстан мен ЕАЭО елдерінде ауыл шаруашылық малдарының өнімділігін және асыл тұқымдық қасиеттерін арттыру мақсатында мал өсіретін шаруашылықтарды әлеуеті жоғары

сапалы генетикалық материалдармен қамтамасыз ету.

Осы жұмыс төңірегінде Асыл түлік жоғары өнімді ауыл шаруашылық малдарының тектік қорын (*ұрығын*) алу, жинау, сақтаудан бастап оны таратуға дейін өзара байланысқан селекциялық-асыл тұқымды жұмыстар кешенін жүзеге асырады.

Қазіргі таңда Асыл түлікте өнімнің етті және сүтті бағыттары бойынша отандық және шетелдік селекциялық ірі қара малдың (*ІҚМ*) асыл тұқымды өндіруші-бұқаларының үлкен тектік қоры бар.

Соңғы жылдары ауыл шаруашылығын тауар өндірушілердің тарапынан етті малдың аудандастырылған тұқымдарының асыл тұқымды материалдарына сұраныстың қатты өскені байқалады, осы мақсатпен Асыл түлік өнімділіктің



етті бағытындағы ІҚМ асыл тұқымды материалының ассортиментін көбейтуге және сапаны арттыруға бағытталған селекциялық және асыл тұқымды жұмысты жүргізеді.

Бірнеше жылдан бері атқарылған жұмыс басқа елдерден асыл тұқымды малдың ұрығын алып келгенше отандық және шетелдік асыл тұқымды өндіруші-бұқалардың тұқымын елімізде өндіру тиімді және әжептәуір арзан екенін көрсетті.



болып табылады, олар мемлекеттік-жекешелік әріптестік аясында Республикалық Герефорд тұқымы палатасымен бірге Эстониядан әкелінген. Он үш айға толған екі бас өндіруші бұқа ветеринариялық-санитариялық талаптарға сәйкес карантиннен өтіп, инфекциялық аурулардың айқындалмағаны туралы тиісті қорытынды берілді.

Герефорд тұқымының ІҚМ етті сипаттары жақсы болып келеді және олар тез өседі. Майдың жиналуына жол бермей тірі салмағын

АСЫЛ ТҮЛІКПЕН СЕРІКТЕС БОЛУ — АСЫЛ ТҰҚЫМДЫ ШАРУАШЫЛЫҒЫҢЫЗДЫ ТАБЫСТЫ ЖҮРГІЗУ КЕПІЛІ!

Осы жұмысқа етті мал шаруашылығы саласында жұмыс істейтін ең үздік отандық шаруашылықтарды тарту үшін Асыл түлік Республикалық ІҚМ етті тұқымдары палаталарымен бірлесіп жұмыс істеп, төлінің сапасына қарай бағаланған етті бағыттағы 15 өндіруші-бұқаның асыл тұқымды материалын алып отырады.

Асыл түлікте ұрығы алынып отырған ең соңғы өндіруші-бұқалардың бірі болып Герефорд тұқымының шетелде шығарылған бұқалары

ұзақ уақыт бойы өсіре алады. Қарқын өсірілген кезде бұқалардың салмағы күн сайын 1110–1300 г өсіп, 12 айлық жасында тірі салмағы 500 кг жетіп, таза салмағы бұл көрсеткіштен 60–65% болуы мүмкін.


Жоғарыда көрсетілген бұқалардан басқа Асыл түліктің ұрық қорында Герефорд тұқымының 19 бұқасынан (*отандық және шетелдік селекция*) алынған ұрықтың 250 мыңнан астам дозасы сатылымда бар.



Асыл түлік қызметінің барлық бағыттарымен, сондай-ақ сатылатын асыл тұқымды өнімнің түрлерімен Ақмола облысы, Қосшы қаласы, 018 есептік квартал, 77 құрылыс мекенжайы бойынша орналасқан бас кеңседе, сондай-ақ мына байланыс деректері бойынша таныса аласыздар:
☎ +7(7172) 73-80-77, ☎ +7702 310 25-55, ✉ ao.asyl-tulik@mail.ru.

ӨЛШЕМІ БАРДЫҢ ЕСЕБІ БАР

Біздің шаруашылық Орал қаласынан 600 шақырым жерде орналасқан. Қожалықты әке-шешем, ауылда дүкен ашып, сауда саттықтың арқасында жинап алған. Қазір біздер жылқы мен ірі қара малымен жұмыс жасаймыз. Бары, жүз аналық ірі қара мал, одан 65–70% төл аламыз.



Автор:
**БАЕТОВ Саян
Арсанович**
«Арсан» ШҚ

Менінде келгеніме алты жылдай болып қалды. Оның алдында ИТ саласында жұмыс атқардым, қолымнан ештеңе келмейтін. Жылдар өте жұмыс барысын түсініп, ең қиыны, әрі уақытты көп талап ететін мал санау болатын. Мал санау үшін оларды расколге қамап, бір-бірлеп санап шығатынбыз. Ал есебін дәптерге қалай солай жазып, қай күні, кім жазғанын жазбай, келесі жолы тағы санақ жүргізгенде таба алмай қаламыз.

Дағдылана түсе, байқағаным, мал саны әрдайым өзгеріп тұрады екен. Олар туады, сатылады, сойылады, жоғалады, өледі, сондықтан мал саны тұрақсыз.

Санақты тез жасаудың жолдарын іздей келе, сиырларға сырға орната бастадым. Қаладағы ветеринарлық дәріханадан сатып алынған сырға тез арада түсіп қалды. Іздестіре келе Allflex сырғаларын тағып қойдым. Енді, сиырдың құлағында жазулы тұрған сан, бес алты метрден, көліктің нөмірі сияқты көрінеді. Уақыт өте, сырға кір болып, бояуының түсі кете бастағанда, малдың түсі мен сырға есте қалады екен.



Біздер ауылдың қасында он шақырым жерде тұрамыз, сондықтан біздің сиырларға ауылдың малы көп қосылады, көбінесе шоғырланатын жері құдықтың басы. Оларды іріктеу мақсатында құдықтың басын қоршап, тек өзіміз малды кіргізеті болдық.




Малдың құлағына сырға тағылғаннан кейін, әр бір сиыр туралы ақпаратты компьютерге жаза бастадым, жиналған ақпаратқа қарап отырып, санақ жүргізетін смартфонға қосымша жасап, малды құдық басынан санап тұратын болдым.

Ауылда мал жоғалса, оны анық білмесең, тауып алу қиын екен. Мысалы, біздің ауылда бір жігіттің малына бөтен мал қосылады, оған мал іздеп жүрген біреу келіп, сұрап, менікі деп өтірік айтып, алып кетіп, ақырында ол оныкі емес басқа біреудікі болып шығады да, мал қосылып кеткен жігітті сотқа сүйрелеп мазасын алады. Сондықтанда, қазір көбі бөтен мал бар ма десе, бар болсада, жоқ деп жауап беретін болған.

Ал менің жағдайымда, малдың паспорты телефонның ішінде, бұрынғыдай дәптерде жазулы қылып, қай жерде жатқанын таба алмай қалмайсың, әр мал туралы анық ақпарат бар.

Осы туралы фейсбук желісіне жазып, оқырмандар оған Санамал деп ат қойды. Қазір Санамалды күнделікті қолданып тұрамын, телефон арқылы санақ жүргізу қатты көмектесті. Бұрынғыдай малды айдап, расколден өткізбей, суға келген малды санап, дәл қайсысы жоқ екенін анықтап алуға болатын жағдайға жеттім.



Санамал арқылы санақ, мектепте оқушыларды түгендегенмен бірдей. Әр бір малдың құлағындағы сырғаға қарап, санамалдың ішінен тауып, сипаттамамен салыстырамын да, белгі қойып малды санақ есебіне аламын. Бір батырма арқылы, қай күні саналды, кім санағы автоматты түрде жазылып тұратын болды.

Мал санағын тез жүргізу мақсатында осындай жүйе ойлап тауып, қазір жалғыз өзім жүріп түгендейтін болдым. Егер 200 бас малдың ішіненде екі бас жоқ болса, мен нақты қандай мал екенін біліп тұрамын. Айналадағы көршілес жатырған шаруалардың ватсаптарына толық сипаттамасын салып, нақты малды тауып алып, түгелдеп отырамын.

Сонымен қатар, құдық басына қоршаудың ішінен раскол салып, малдың екпелерінде жалғыз өзім жасайтын болдым.

Малдың нақты есебін білген соң, біз оларды жинауды қойдық, олар топ топ болып келгенде, малды құдықтың ішіне кіргізіп, су ішіп болған соң, раскол арқылы өткізіп, екпесін жасап жібереміз.



Мысалы алдымда тұрған 117 сиырға белгі қою мақсатында, іздеу жолына 117 деп жазамын. Алдымда жүздеген сиырлардың ішінен осы малға қатыстысы шығады.

Бұл жерде 117 сиырдың нөмірін жаздым. Ол 8 жаста, сары-ала, соңғы салмағы 435 кг және оның иесі Арсан — деп шықты.

Ал, қатарласып шыққан, мал ол 117 сиырдың төлдері.

Бұл сиырдың төлдеріне қарап оның жоғары өнімділігін көруге болады, бұл біз үшін қымбат сиыр. Егер ол жоғалып кететін болса, іздеу салған кезде дәл осы жазылған сипаттама бойынша іздеуге болады.

Ірі қара малдың өнімділігі

Әр мал жылына бір бұзау әкелу керек, ал егер олай болмаса, ол мал өнімсіз болады. Олар бізге жұмыс жасаудың орнына біз оларға жұмыс жасап жүреміз.

Малдың өнімділігін есептеу үшін, сиыр төлдеген кезде, оның төлін өзіне тіркеп қоямыз. Жаңа туған бұзауға анасынан негізгі ақпараттар беріледі. Соның ішінде ең маңызды ақпарат біз үшін иесі болып табылады.

Біздің шаруашылықта әкемнен басқа, көкемнің малы бар. Уақытында тавро басылмай қалып, бұрын соңды арамызда мал үшін жанжал болатын. Ақырында біреуіміз жеңіліп, бір бірімізге ыза болып, жыл сайын осылай болып қарым қатынас нашарлай берді.

Қазір сиыр туғанда оның бұзауына автоматты түрде иесі беріліп, олар дәл қазір өзінде қандай мал бар екенін біле алады.

Мал өнімділігіне оралайық. Жаз бітіп, күзгі екпелер жасалып, қыста шөп салып, төл алу уақыты басталды.



Сиыр туып, бұзауы өліп қалса, бұзаудың қалай өлгені туралы жазып қоятын болдым. Енді сана-малдың ішінде ол мал есептелмейді, бірақ сиырдың паспортына кіріп қарағанда өлген төл туралы ақпарат болады.

Осылай, соңғы төрт жыл бойына шығындар туралы ақпаратты жазып жүре келе мынандай сараптамалық ақпарат жинап алдым

Біздің малдың, 2019 Шығындар мезгілі жылдан бастап төл-деген мезгілі

Төлдеу мерзімі	Саны
янв.	21
февр.	34
мар.	51
апр.	62
мая	46
июн.	16
июл.	11
авг.	12
сент.	10
окт.	6
нояб.	3
дек.	9

Ал бұл, шығындар туралы статустар, яғни бұзалардың өлу себептері:

Шығын түрлері	Саны
Аборт	11
Ауру туды	1
Ауырып өлді	3
Белгісіз	6
Диарея	4
Жемнен	1
Жоғалды	14
Ит-Құс	3
Көтерем	3
Қаралмай далаға туып келді	1
Қаралмай қатып қалды	1
Құдыққа түсіп кетті	1
Судороға	1
Тимпония	1
Туа алмай өлді	5
Туғаннан кейін өліп қалды	10
Туып өліп қалды	1
Эмкар	3

Санамалдың есебі бойынша, малдың өсуін тоқтатып себептерді көруге болады. Олар аборт, жоғалу және бұзаулар туғаннан кейін өлімі екен.

Аборттардың себебін бәріміз білеміз: ол бруцеллез. Оны Санамал маған бір жылда жеңуге көмектесті.

Бұл жоғарыда көрсетілген, он бір бастың есебі. Көрсетілген малдар барлығыда округтың ветеринарлық инспекциясымен сойылымға жіберілді.

VID	Жынысы	Туған күні	Иесі	Мүйіз	Түсі	Анасы	Статус	Статустың өзгерген күні
-150	Еркек	05.08.2020	Арсан			150	Аборт	05.08.2020 20:21
-64	Еркек	03.01.2019	Арсан	ИСТИНА		64	Аборт	06.05.2019 12:03
-30	Еркек	04.01.2019	Арсан	ИСТИНА		30	Аборт	06.05.2019
-28	Еркек	06.05.2019	Арсан	ИСТИНА		28	Аборт	06.05.2019 10:15
-17	Еркек	09.06.2019	Арсан	ЛОЖЬ	Қызыл-қасқа	17	Аборт	28.03.2020 15:53
-14	Еркек	12.05.2019	Арсан			14	Аборт	05.12.2019
191 237	Еркек	12.02.2019	Арсан			37	Аборт	12.05.2019 11:50
333 999	Еркек	15.02.2019	Арсан	ИСТИНА		3399	Аборт	06.05.2019 10:06
-58	Ұрғашы	24.04.2019	Арсан			58	Аборт	24.04.2019 10:48
-66	Еркек	19.05.2019	Арсан			66	Аборт	19.05.2019 19:26
-118	Еркек	25.05.2019	Арсан			118	Аборт	25.05.2019 16:51

Қалғаны РБ51 вакцинасының схемасы бойынша егіліп, келесі малға жұқтырмайтындай иммунизация жасадық.

Жоғалу азайды, әр бір мал туралы ақпаратты біле тұра, іздеп тауып алу оңай болды.

Ал жаңа туған бұзаулардың себебі, азықтың нақты жетпей қалуы. Біздің қолданып жүрген шөп буатын рулон 1986 жылғы прп 1,6. Оның реттеулері дұрыс болмай, ол біз ойлаған 220 килограмдық шөп емес, 180 килограмм шөп буады екен. Нәтижесінде сиырлар тәулігіне, кемінде 10 кг азық жеудің орнына 5–7 кг шөп жеп жүр екен. Қосымша, аналық сиырлардың қасында үш қыс бойына 30 бас өгіз болды. Нәтижесінде қыста туған сиырлардың төлі өліп қалып жатады.

Статустар тізіміде көрсетілген, он бас бұзау. Шығынның көбі, қыстың уақытына келіп тұр.

1	VID	Жынысы	Туған күні	Иесі	Мүйіз	Түсі	Анасы	Статус
2	-3 999	Ұрғашы	05.01.2020	Арсан		Қызыл-қасқа	3	Туғаннан кейін өл
3	-191 255	Еркек	12.02.2019	Арсан		Қызыл-қасқа	55	Туғаннан кейін өл
4	-69	Еркек	28.01.2020	Арсан		Қызыл-қасқа	69	Туғаннан кейін өл
5	-13 721	Еркек	15.01.2021	Арсан		Қызыл-қасқа	137	Туғаннан кейін өл
6	-138	Еркек	25.01.2021	Арсан		Ақ-ала	138	Туғаннан кейін өл
7	-11 888	Еркек	26.01.2021	Арсан			11888	Туғаннан кейін өл
8	-153	Ұрғашы	21.02.2021	Арсан		Қызыл-қасқа	153	Туғаннан кейін өл
9	-34	Ұрғашы	08.03.2021	Арсан		Қара	34	Туғаннан кейін өл
10	-156	Ұрғашы	26.03.2021	Арсан		Қызыл-қасқа	156	Туғаннан кейін өл
11	-82	Еркек	26.03.2021	Арсан		Қара-қасқа	82	Туғаннан кейін өл

Қазіргі уақытта, бұқаларды күзде сатып, жазғы уақытқа қосып, бұл өлім көрсеткішін азайттық. Қосымша, Санамалдың ішіндегі малдың саны мен оның жасына қарай, қысқы уақытта әр мал кемінде 13 кг жөп жеп шығатындай шөп жинап алдық. Бұйырса, 2023 жылы төл көктемде туып, төлдің шығу коэффициенті кемінде 70% жетіп қалу керек.

Болашаққа бағдар

Әр бір малдың өнімділігін біле отыра, біздің шаруашылықтың шығу коэффициентін келесі формуламен шығара аламыз: $= (92 - 26) / 92 * 100 = 71\%$

92 — аналық мал; 26 — өнімсіз ірі қара мал.

Осы коэффициент арқылы, малдың өсу жоспарын есептеп шығуға болады.

Алдымен, бір бас малдың жылдық шығынның есептеп шығамыз. Келесі қыстың ұзақтығын анықтап, тәулігіне қанша жем шөп жейтінін білу керек. Нәтижесінде сізде осындай кіріс параметрлері пайда болады

Аналық ірі қара мал	100
Сұалтылған бұзаудың құны	150 000
Мемлекеттік субсидия	10 000
Бір бұқа қашыра алатын мал саны	25
90 күндік шығын	15 700
Шығу коэффициенті	70

Ал келесі тізім арқылы, арнайы формуламен малдың өсімі есептеліп шығады:

Жыл	Аналық	Бұқа	Төл	Еркек	Ұрғашы	Барлығы	Шығын	Табыс	Субсидия	Таза пайда
2022	100	4	70	35	35	174	2 402 100	5 250 000	1 000 000	3 847 900
2023	100	4	70	35	35	174	2 402 100	5 250 000	1 000 000	3 847 900
2024	100	4	70	35	35	174	2 402 100	5 250 000	1 000 000	3 847 900
2025	135	5	95	48	48	235	3 242 050	7 200 000	1 350 000	5 107 950
2026	170	7	119	60	60	296	4 086 710	9 000 000	1 700 000	6 613 290
2027	205	8	144	72	72	357	4 926 660	10 800 000	2 050 000	7 923 340
2028	440	18	308	154	154	766	10 575 520	23 100 000	4 400 000	16 924 480
2029	440	18	308	154	154	766	10 575 520	23 100 000	4 400 000	16 924 480
2030	440	18	308	154	154	766	10 575 520	23 100 000	4 400 000	16 924 480
2031	440	18	308	154	154	766	10 575 520	23 100 000	4 400 000	16 924 480
2032	440	18	308	154	154	766	10 575 520	23 100 000	4 400 000	16 924 480
2033	440	18	308	154	154	766	10 575 520	23 100 000	4 400 000	16 924 480
2034	440	18	308	154	154	766	10 575 520	23 100 000	4 400 000	16 924 480
2035	440	18	308	154	154	766	10 575 520	23 100 000	4 400 000	16 924 480
2036	440	18	308	154	154	766	10 575 520	23 100 000	4 400 000	16 924 480

Біздің шаруашылық 200 бас ірі қара малдан артық сыймайды, бұл жеке менің өнімділігім. Сондықтан, мал туралы жиналған ақпаратты болашақты жоспарлауға қолдануға болады.

Аз жұмыс жасап, жақсы табыс табу

Жиналған ақпарат арқасында, сараптама жасап, мал өсімін тоқтатып тұрған нәрселерді тауып, оларды түзеуге болады екен.

Бәрін жөнге келтірген соң, жұмысшы мен қаражат шығынын азайтып, табысты көтеру үшін 3 нәрсе керек: өрісті қоршау, сиырларды көктем уақытына туғызу және малды суғаруды автоматтандыру.

Менің ойымша, қазіргі заманда, адамзат ғарышқа ұшып, жасанды интеллект жасап жатқанда, осы үш нәрсені жасау біздің қолымыздан келеді.

Қоршау арқылы біздерге мал бағудың қажеті жоқ. Қоршау сынып-сынып, бір күні реттеледі. Жерді кемінде екі бөлікке бөліп, сиырларды бір өрістен екінші өріске айналдырып тұру қажет, сол кезде өрісте жақсарып қалады, малда аз жүреді.

Сиырларды бір уақытқа туғызу үшін, бұқаларды белгілі бір уақытқа әкеліп қосып, айырып тұру керек.

Ал сиырлар, өздерін сумен қамтамасыз етіп тұру жолдары көп. Мысалы қозғалыс датчигі, егер мал жақындаса, су құйылады. Ол үшін күн электр станциясы керек, сонда бұл жүйе қысы жазы, су қатпай, жазда жылып кетпей тұрады.

Краудфандинг

Осы мақсатқа жету үшін, 2021 жылы краудфандинг ашып, қоршау саламын деп, қаражат жинап, соның ішінде көмектескендердің арасында Гереферд Палатасының арқасында, керек жарақты алған уақытта, өрістен су таба алмай, ұзақ уақыт жүріп қалдым. Биыл, су мәселесін шештім, сиырларды сол жерге үйреттім, биыл, қысқа дейін қоршап, бұқаларды бөліп шығаруым керек.

Санамал бағдарламасын қазір қолданысқа дайындалып жатыр, өзіммен басқа, ИТ мамандарымен бағдарламаны жасап, ЖШС ашып, алдағы уақытта сіздерде қолдана аласыздар.

Санамал мен краудфандинг нәтижесі туралы ақпаратты менің әлуметтік желілерінен жақын таныса аласыздар. Аса құрметпен, Орал өңірінің шаруасы, Баетов Саян Арсанұлы





«**VITTEK KAZAKHSTAN** (Витек Казахстан)» – Түркиялық мал шаруашылығына қажетті инновациялық және технологиялық өнімдерді шығаратын Vittek Vitamin Teknolojileri Ltd. Şti.



**VITMIN+
IPI QARA MALFA**



**VITMIN+
BUZAUFU**



RAMEWE



CALSEATEC



KETOXONE



KEXEWE

Компаниясының Қазақстандағы Ресми дистрибьюторы болып табылады. **VITTEK** өзінің ҒЗТҚЖ орталығында әлемдік нарықта жүргізілген зерттеулер нәтижесінде ветеринария саласындағы қысқа және ұзақ мерзімді технологиясы бар малдың денсаулығын қорғауға және өнімділігін арттыруға бағытталған арнайы азық-түлік өнімдерін өндіреді. Қазіргі таңда 6 түрлі өнімі бар, оның ішінде малдың ағзасының метаболикалық және дисфункционалдық мәселелерімен күресуге арналған 2 клиникалық **CALSEATEC** (Кальций), **KETOXONE** (Кетоксон-Кетозис ауруына) және иммундық жүйені, ұрпақты болуды, құнарлылықты, босанғаннан кейінгі емдеуді және өнімділікті жақсартуды қолдауға арналған жалпы қосымша кең қолданысқа арналған **VITMIN+** (Витмин+) ірі қара малға, **VITMIN+** (Витмин+) бұзауға,

RAMEWE (Рамеве) қойға өнімдері бар. Өнімдер Түркия, Кот-д'Ивуар, Египет, Дубай, Иордания, Моңғолия, Иран, Грузия және Әзірбайжан мемлекеттерінде кең қолданыста, ал Батыс Қазақстан облысында 2021-ші жылдың екінші жартысынан бастап шаруа қожалықтарында қолданыла бастады. Сонымен қатар қожалықтардан алынған көрсеткіштермен жүргізілген ғылыми-зертханалық зерттеу барысында оң нәтижесін көрсету арқылы пайдасын дәлелдеді және осы бағыттағы жұмыстар жалғасуда. 100% Түркиялық Vittek өнімдерінің басты мақсаты жануарлардың денсаулығын, табиғат пен қоғамды құрметтеу арқылы мал етінің және сүтінің өнімділігін арттырып пайда әкелетін салауатты және экологиялық таза шешімдерді ұсыну, сенімділік пен ынтымақтастықты арттыру.

Instagram: Vittek.Kazakhstan
www.VitteK.kz
Email: Vittek.Kazakhstan@gmail.com

+7 776 722 4254



«НАРЫН» ШҚ БҚО, Бөкейорда ауданы

Директор: **ТАЖМУРАТОВ Нагим Хитанович**
Байланыстағы адам: **КИТАНОВ Аскар Қуанышұлы**
+7 702 799-99 68, +7 778 555-55 97



Бұқаның лақап аты «РОДИ»

МАРКЕТИНГТІК ТАУАРЛАР



JARVIS®	Еттің жұмсағы (Сиыр, Жылқы, Түйе) Мал союға арналған жабдық JARVIS	JARVIS KAZAKHSTAN ДЖАРВИС КАЗАХСТАН KAZAKHSTAN, AQMOLINSKAYA OBLAST, CITY: ASTANA, St. KENESARY 40, Business Center 7 th Continent, 12 th Floor, 1216 Cell: +7 747 8596 707 E-mail: sales@jarvisproducts.kz www.jarvisproducts.kz
Атаулар	Үлгі	Техникалық сипаттамалары
Құрылғы 	USSS-2A 	Жұмыс қысымы (макс.) 11-15,5 бар Ауа ағыны (бір кезеңдік үшін) 41 л Саңырау ұшының диаметрі 35мм Қолмен басқару Қайталанатын шүріппелер Өлшемдері (ҰхЕхБ) 483 x 140 x 381 Салмағы 16.3 кг
Мүйізкескіш 	50G 	Салмағы 29,5 кг Жалпы ұзындығы 762 мм Пышақтардың ашылуы 140x152 мм Ауа қысымы 2,8-3,5 бар Басқару тогы 12В Қолмен басқару Электрлік қосарланған бекітілмейтін шүріппелер 4027065 күш беретін қондырғымен 3,75 сек Кесу кезеңдіктің уақыты 1,7 сек Кесу күші 44 кН Жетек Гидравлика
Тісрейік 	30CL 	Салмағы 17,2 кг Жалпы ұзындығы 813 мм Пышақтардың ашылуы 146 мм Ұштар арасындағы пышақтардың ашылуы 102мм Ауа қысымы 3,4 бар Қолмен басқару Әуе қосарланған бекітілмейтін шүріппелер 55 кН 4 сек Кесу күші 55 кН
Пышақ 	JC3A 	Салмағы 1,3 кг Жалпы ұзындығы 330 мм Пышақтардың диаметрі 100 мм, 110 мм Қолмен басқару әуе жалғыз шүріппе Пышақтардың жылдамдығы (тербелмелі қозғалыстар) 6500-7000/мин Ауа ағыны (қысымы 3,1 немесе 6,2 бар кезінде) 0,34 м³/мин Жұмыс қысымы 3,1 бар, 6,2бар Қозғалтқыш қуаты 410Ватт Басқару Пневматика
ІҚМ төс сүйегін кесуге арналған аралар 	MG1E 	Қолмен басқару Электрлік шүріппе Кесу кезеңдігінің уақыты 3 сек Кенептердің мүмкін ұзындығы 241мм, 267 мм, 292мм, 330 мм Салмағы 20,4 кг Жалпы ұзындығы 787 мм Кесу жылдамдығы 60 Гц 330 м / мин Кесу жылдамдығы 50 Гц 275 м / мин Жетек Электрлік Қозғалтқыш қуаты 1400 Ватт
Таспалы ара 	Buster 9 	Салмағы 88,9 кг Жалпы ұзындығы 1448 мм Таспаның ұзындығы 3226 мм Бағыттауыштар арасындағы қашықтық 502 мм Басқару кернеуі 12 В Қолмен басқару Электрлік жұптастырылған бекітілмейтін шүріппелер Өнімділік 180/сағ Жұмыс кернеулері 42/400В/3Ф/50Гц Жетек Электрлік Қозғалтқыш қуаты 2500 Ватт және 3729 Ватт

HEREFORD

Q A Z A Q S T A N

Астана қ., Кенесары, 40, көшесі,
«7 Континент» БО, 1205 кеңсе
тел. +7 771 532-22 00,
+7 7172 279-996
e-mail: info@hereford.kz,
www.hereford.kz,
[@hereford_qazaqstan](https://www.instagram.com/hereford_qazaqstan)

